

Гүлфар Мамырбек
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.
Ұлттық комиссия жанынан құрылған
Орфографиялық топтың мүшесі

ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН СЫНАМА-САУАЛНАМА ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ

(Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен «Қазіргі білім жүйесіндегі интеграциялық үдерістер және тіл мәртебесін арттыру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.
8 қараша. Астана)

Қазіргі таңда қазақ жазуын латын графикасына көшіруді кезең-кезеңімен жүзеге асыру шаралары жоспарлы түрде жүргізіліп жатқаны мәлім. Осымен байланысты ең әуелі, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары жаңа Емле ережелерінің жобасын даярлады. Емле ережелері қазақ жазуының ғылыми ортологиялық негізін қалаған академик *Рәбига Сыздық* апамыздың кеңесшілігімен, жазу теориясының мамандары, орфограф-ғалымдар *Нұргелді Уәли, Әлімхан Жүнісбек, Зейнеп Базарбаева, Айман Алдаш, Багдан Момынова, Қыздархан Рысберген*, жас ғалымдар *Айгүл Әмірбекова, Жанар Жұмабаева*, сондай-ақ тілдің әр саласының белгілі зерттеушілерінен құрылған Орфографиялық топтың мүшелері дайындады. Осы дайындалған Емле ережелерінің жобасы талқылаудан өтті ме, тақыланған жоба сынамадан өткізілді ме, халық пікірі қандай болды, тәуелсіз сарапшылар не деді?

1) Зерендіде өткен (4-10 шілде, 2018 ж.) орфографиялық, әдістемелік жұмыс тобы мүшелерінің алғашқы отырысында Емле ережелері жобасының құрылымы талданып, ұсыныстар берілді. Даулы мәселелер қатарында бірге жазылатын сөздер емлесі, әліпбиде жоқ таңбалармен келетін шеттілдік сөздер емлесі, **и** мен **у** әріптерінің емлесі және жазу ықшамдылығы үшін қысандарды түсіріп жазу мәселелері қызу талқыланды. Бірауыздан шешілмей, даулы күйінде қалған бірқатар мәселелер апробацияға жіберілді. Сараптама жасау үшін Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы шілде-тамыз айларында Көкшетау, Қарағанды, Қызылорда, Өскемен, Семей, Ақтөбе, Астана, Алматы қалаларында сынама-сауалнама жұмыстарын жүргізіп, емледегі күрделі мәселелерді қоғам талқысына салды. Сынамаға қатысушылар Емле ережелерін жасаушылар үшін аса қажет болып табылатын пікірлерін ұсынып, тәуелсіз көзқарастарын білдірді. Халық әліпби құрылымына қатысты **ы** (**y**) мен **у** (**ü**), **и** мен **і** таңбаларының ұқсастығы оқылым мен жазылымда қиындық тудыратынын, **ш** (**sh**) және **с** (**s**), **х** (**h**) таңбалары қатар келген кезде шатасуға ықпал ететінін, **ш** дыбысына диграф емес, жеке таңба арнау қажеттілігін, **у** дыбысына **u** таңбасын беруді, кірме дыбыстар таңбаларын әліпбиге алмаған

соң **ч (ch)** әрпін де әліпбиден алып тастауды сұрады. Сондай-ақ кейіннен **қ**-мен таңбаланып жүрген *рақмет, рақат, дастарқан* тәрізді сөздерді қайтадан **х**-мен жазуды, **г**-мен таңбаланып жүрген *қыргүйек, шегара, көгөніс* сөздерін **к**-мен жазуды қалайтындарын жазбаша түрде ұсынды. Сонымен қатар, шеттілдік сөздерді таңбалауға қатысты да ұсыныс-пікілер өте көп түсті. Бұл мәселеге қатысты қоғамның көзқарасы үшке бөлініп тұрғанына көз жеткіздік: толықтай сындырып жазу; орыс тілінің орфографиясын сақтап жазу; түпнұсқа тілдің (ағылшын, т.б.) заңдылығымен жазу. Алғашқы сараптама жұмыстары бойынша мынадай нәтижелер алынды:

- бірге жазғаннан ортасында екі дауысты қатар келетін сөздердің жазылу емлесіндегі: *алмаағаш, алма ағаш; алааяқ, алаяқ, Сарыағаш, Сарағаш;*

- кірме сөздердегі **ф, х** әріптерін жазудағы: *арафа, арапа; гафу, гапу; қалың, халің, сұхбат, сұқбат;*

- екінші буындағы **ә** әрпінің жазылуындағы: *мүбәрак, мүбарак; тәкәппар, тәкаппар;*

- тәуелдік жалғауы жалғанғанда түбірдегі қысаңдарды түсіріп не түсірмей жазудағы: *ауылы, аулы, дауысы, даусы;*

- кирилл әріптерімен келетін кірме сөздерді жазудағы басым бағыттар айқындалды.

2) Қапшағайда өткен (22-25 тамыз, 2018 ж.) орфографиялық, әдістемелік жұмыс тобы мүшелерінің екінші отырысында, жоғарыда айтылған қоғам пікірі талқыланып, сарапшылар тарапынан Емле жобасына бірқатар өзгерістер енгізу ұсынылды. Атап айтқанда:

- **нг** дыбыс тіркесімен аяқталатын шеттілдік сөздерді **ң** әрпімен жазу: *паркиң, боулиң* т.б.;

- шеттілдік сөздерді толықтай сындырып жазу;

- аяғы **б, г, д** дыбыстарына аяқталатын кірме сөздерді қосымшалардың дыбыс үндесіміне сәйкес қатаңмен таңбалау: *педагок, биолок, штап, бренд* т.б.;

- бірігіп жазылған сөздерді бөлек таңбалау: *бет орамал, шай қасық*, т.б.;

- шылаулы тіркестерді бөлек жазу: *ас та төк*, т.б.;

- **и** мен **у** дыбыстарын екі таңбамен тарқатып жазу ұсынылды.

Талқылау барысында сарапшылардың кейбір ұсыныстары Емле жобасына енгізіліп, жоғары оқу орындарының 52 кафедрасы мен тәуелсіз 9 сарапшы ғалымға талқылауға жіберілді және мектеп мұғалімдері арасына электронды сауалнама жүргізілді. Кафедра ғалымдары мен тәуелсіз сарапшылар тарапынан аяғы ұяң дыбыстарға біткен сөздерді қатаңмен таңбалағанмен, *штабы, драматургі, педагогі* дегенде бастапқы қалпына қайта келетіндігі, *бренд, код* дегенді **т**-мен жазса, сөздің мағынасы мүлдем өзгеріп кететіндігі, **б, г, д** дыбыстарын қатаңға айналдырған соң, **в** дыбысын да **п** немесе **ф**-мен беру керектігін, алайда оның қосымшалар үндестігінен гөрі, тіл шұбарлығына апаратындығы, шылаулы сөздермен келген тіркестер бөлек жазылу керектігі (*ас та төк, у да шу* т.б.), *күнәсы, куәсы, күмәны* сөздерін жіңішке қосымшалармен жазуды (*күнәсі, күнәсінен, куәсі, куәсінен,*

күмәні, күмәнінен), құзірет, құдірет, тауқимет, қадір сөздерін құзырет, құдырет, тауқымет, қадыр түрінде жазуды, фразеологизмдердің, тұрақты тіркестердің бір сөз орнына жүретіні ғылымда дәлелденгендіктен, атақоныс, атакәсіп, атсалысу, атүсті, жанпида, бірқайнатым тіркестерін бөлек жазуды ұсынды және ұу, үу, ый, ій қосар дыбыстарын бір ғана у таңбасымен бергенді дұрыс деп танушылар басым болды. Сондай-ақ, кісі есімдері адамның қалауы бойынша емес, тіл заңдылығына бағынып жазылу қажеттілігі емледе арнайы көрсетілсе деген ұсыныстар айтылды. Бұл мәселелер 24 қыркүйекте өткізілген арнайы жиында Орфографиялық жұмыс тобы мүшелерінің талқысына салынды.

Қорыта айтқанда, қазіргі Емле ережелерінің жобасы осылайша бірнеше талқылаудан, сараптаудан, сұрыптаудан және сынамадан өтіп отыр. Мұндай ауқымды іс-шараларды тікелей өз қадағалуымен жүзеге асырып, оның нәтижелі шығуына мұрындық болған *Тілешов Ербол Ердембекұлының* еңбегін ерекше атап өту керек. Сауалнама жұмыстарының нәтижесін шығарып, сандық әрі сапалық талдау жүргізуде *Сапина Сабира Мінәтайқызы*, тілтанымдық талдау жүргізуде *Фазылжанова Анар Мұратқызы*, *Күдерінова Құралай Бимолдақызы*, насихаттау, сараптау жұмыстарын ұйымдастыру барысында *Итегұлова Сая Ағанасқызы*, сондай-ақ халық арасына сынама-сауалнама, насихат жұмыстарын жүргізуде *Ысқақова Бақытгүл Дәуітбекқызы*, *Хабиева Алмагүл Алтайқызы*, *Сейтбекова Айнұр Аташбекқызы*, *Жайлауова Салтанат Қамзаққызы*, *Сейсенбек Нұржан Бижомартұлы*, *Оспанова Дана Жаңабекқызы* сынды т.б. мамандар өз біліктіліктерін танытып, үлкен үлес қосты.

Әліпби ауыстыру дегеніміз жазуға толықтай реформа жасау екендігі мәлім. Ал әліпбиді ауыстыру өте күрделі мәселе болғандықтан, түрлі пікірлердің, ұсыныстардың бөлуы заңды. Сондықтан әліпбиді тандап, емлені саралауда қоғам мен ғалымдар пікірі қашан да маңызды болмақ. Әліпби құрылымына қатысты халық тарапынан айтылған ұсыныстар 27 қыркүйекте өткен Ұлттық комиссия отырысына ұсынылды. Нәтижесін алдағы уақыт көрсетер.